

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
Бұйрық

Ақтөбе қ.

№2-61

02.05.2025ж

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде

бұйырамын:

1. ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» талаптарына сәйкестігін талдау әдісімен жүргізілсін.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия келесі құрамда бекітілсін:
 - 1) Комиссия төрайымы - Уркимбаева А.Ж. бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі;
 - 2) Ж.Т.Имамадинова – әдіскері;
 - 3) Н.Қ.Алиева – тәрбиеші;
 - 4) Г.Қ.Альжанова – тәрбиеші;
 - 5) Г.Ж.Досжанова – тәрбиеші;Хатшысы: Г.М.Дүйсембай - тәрбиеші
3. Өзін-өзі бағалау кезеңі: 2024-2025 оқу жылы.
4. Өзін-өзі бағалау мерзімі: 2025 жылдың 02-31 мамыр аралығында.
5. Бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және педагогтарды нормативтік-құқық актілерімен таныстыру бойынша жоспардан тыс меңгеруші жанындағы жиналыс өткізілсін.
6. Өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия педагогикалық кеңестің отырысында қаралсын және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.
7. Өзін-өзі бағалау бағалау материалдарды бөбекжай-балабақшаның интернет-ресурсына (сайт) орналастырылсын және сілтемесі 31.05.2025 ж. дейін ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне» ұсынылсын.
8. Бөбекжай-балабақшасының басшысы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысын қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақша меңгерушісі:
А.Ж.Уркимбаева

